**«Сарыжар жалпы орта білім беретін мектебі»КММ**

**2024-2025 оқу жылы бойынша мектеп кітапханасында «Оқуға құштар мектеп», «Балалар кітапханасы» жобасы аясында өткізілген іс-шаралар есебі**

## КІТАПХАНАҒА САЯХАТ

**«Оқуға құштар мектеп»** жобасы және **«Балалар кітапханасы»** жобасы негізінде мектебіміздің МАД "Б"сыныбының оқушылары кітапханаға саяхат жасады.Олар кітапханамен және ондағы кітаптармен танысты. Сондай-ақ білім алушыларға қалай кітап алуға болатыны, кітапхана ережелері мен қағидалары түсіндірілді.

Кітапханамызға алғаш рет келген оқырмандарымызға еңбекқорлыққа тәрбиелейтін "Нан мен алтын", балалардың қызығушылығын оятатын ертегі киіпкерлері жайындағы "Үйшік" ертегілері оқылды.Балалар ертегі тыңдап,сұрақтарға жауап бере отырып белсене қатысты.



https://www.instagram.com/p/DA5yxSfsX43/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

## «КІТАПХАНАҒА КІТАП СЫЙЛА» акциясы

**«Оқуға құштар мектеп»** жобасы және **«Балалар кітапханасы»** жобасы негізінде мектебіміздің мектепалды даярлық сыныптары "Кітапханаға кітап сыйла" акциясы бойынша мектеп кітапханасына ертегі кітаптарын,сыйға тартты. Сондай-ақ мектепалды даярлық "Б" сыныбының оқушысы Мұқан Ғазиз Бексұлтан Нұржекеұлының әңгімелер жинағын сыйға берді.

Кітапты сыйға тарту арқылы халықтың рухани байлығын дамытумен қатар кітапхананың кітап қорын әдебиеттермен толықтырып,оқырман мен кітапхана арасын нығайтады.

Сыйға берілген кітаптар кітапхана қорына енгізіліп, оқырман қауымға ұсынылатын болады.

Акцияға белсене қатысқан сынып жетекшілері:Скакова А.Акбазарова А.Салыкова А.



https://www.instagram.com/p/DBOdVuwM_K/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

## «МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ» кітап көрмесі

Республика күні - бұл еліміздің мемлекеттігі жолындағы алғашқы тарихи қадам.

**«Оқуға құштар мектеп»** және **«Балалар кітапханасы»** жобасы негізінде мектебімізде осы мерекеге орай **"Менің елім-Қазақстан"** атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.Оқушыларымыз үзіліс кезінде,көрмеге жасақталған кітаптармен танысболды.



https://www.instagram.com/reel/DBdvh40t12y/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==



## ЖЕТІСТІКТЕР ҚОРЖЫНЫ

«РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЛАЛАР ОҚУЫ» байқауының облыстық кезеңінде мектебіміздің 4 класс оқушысы САЙЫН АХМАД БАТЫРБЕКҰЛЫ жүлделі 2 орынды иеленді.



25- қазан Республика күніне орай "Менің Қазақстаным" атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Республика күнін атап өту тұжырымдамасы аясында өткізіліп жатқан жоспарға сәйкес "Менің Қазақстаным" атты кітап көрмесі өтті.




24-қазан "Кітапханашылар күніне» орай аудандық кітапханашылар арасында челлендж ұйымдастырылды.Осыған орай Хлебодаровка ЖОББМ"КММ-сінен челленджді қабылдап алып, мектебіміздің кітапханашылары Кеңсахара мектебіне жолдады




## ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП

Мектебіміздің кітапханасында "Оқуға құштар мектеп"жобасы аясында "Кітап оқу мәдениетін жаңғыртудағы тиімді әдісі " туралы оқу сағаты ұйымдастырылды.Әр күн сайын мектебіміздің оқушылары бос уақытын тиімді өткізу үшін мектебіміздің кітапханашылары ұсынған кітапты оқи алады

**«ДЕМАЛЫСТА КІТАП ОҚИМЫЗ»**

**«Оқуға құштар мектеп»** жобасы және **«Балалар кітапханасы»** жобасы негізінде мектеп оқушыларының күзгі демалысын тиімді пайдалану мақсатында «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Демалыста кітап окимыз» тақырыбында оқу марафонымен бастауыш сынып оқушылары өз бейнероликтерімен белісті.

**Мақсаты:** Оқушылардын кітап оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, кітап оқуға ынтасын арттыру, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге, тіл байлығын арттыруға ықпал ету.



https://www.instagram.com/reel/DBvNGUBM4CN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

**«ҰШҚАН ҰЯ»**

**«Оқуға құштар мектеп»** жобасы және **«Балалар кітапханасы»** жобасы негізінде мектеп кітапханасында Кеңес одағының батыры,жазушы Бауыржан Момышұлының балалық шағынан, ес біле бастаған, мектеп табалдырығын аттағанға дейінгі өмірі өзек болған **"Ұшқан ұя"** мемуаралық шығарасына оқырман конференциясы өткізілді.



https://www.instagram.com/reel/DCZFLhmMzLj/?igsh=MWl4OWxlZ2s1ZjY0OA==

**«БІР СЫНЫП-БІР КІТАП»**

**«Оқуға құштар мектеп»** және **«Балалар кітапханасы»** жобасы аясында ұйымдастырылған «Бір сынып- бір кітап» оқу марафоны бойынша мектебіміздің 2 «А» сынып оқушыларымен Өзіміз оқиық ертегісіндегі «Не ексең соны орасың » ертегісін сынып болып оқып,ертегіге талдау жасады.Шара барысында оқушылар ертегіні қайталап оқыды. Ондағы сұрақтарға жауап беріп белсене қатысты.Шара соңында оқушылар ертегіден не түйгендерін айтып қорытындылады.



https://www.instagram.com/reel/DC80-PjsLf7/?utm_source=ig_web_copy_link

**«ЖҮР ДОСЫМ КІТАПХАНАҒА»**

«Оқуға құштар мектеп» және «Балалар кітапханасы» жобасы аясында мектебіміздің 1"Ә" сынып оқушылары үзіліс кезінде мектеп кітапханасында кітап оқыды.Кітап оқумен қатар кітапханаға шақыру мақсатында "Жүр досым кітапханаға" челленджін ұсынды.



https://www.instagram.com/reel/DC9u7KM6pY/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

**«ТӘУЕЛСІЗДІК ЕЛІМНІҢ ЕРЛІК ЖОЛЫ»**

**«Оқуға құштар мектеп»** негізінде **"Балалар кітапханасы"** жобасы аясында 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай "Тәуелсіздік елімнің ерлік жолы" атты танымдылық кітап көрмесі өткізілді. Төл тарихымыздан сыр шерткен тағылымды көрме өскелең ұрпақты ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеп, егемендіктің қадір-қасиетін ұғынуға үндейді.



https://www.instagram.com/reel/DDhu1qrsF83/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

**«ҚЫСҚЫ ДЕМАЛЫС»**

**«Оқуға құштар мектеп»** негізінде **"Балалар кітапханасы"** жобасы аясында қысқы демалыс кезінде балалардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында мектеп білім алушылары оқыған кітаптарын сурет арқылы жеткізді.



https://www.instagram.com/p/DEmCQ45seNH/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

**«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ-БАЛА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ БАСТЫ РӨЛІ» облыстық семинар**

Мектебімізде өткен облыстық көшпелі семинар кезінде мектебіміздің кітапханасында жоспарға сәйкес **"Оқуға құштар мектеп", "Балалар кітапханасы"** жобалары аясында өткізілетін акция, оқу марафондары айтылды.

«Түрлі түсті әдебиеттер» кітаптарына шолу;

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Қазақ ертегілері мен Шетел ертегілерінен жасақталған QR кодты әдебиеттер, ертегілерден жинақталған "3Д кітап" макеті таныстырылды;

«Ұлттық құндылықтар» тақырыбындағы кітап көрмесі ұйымдастырылды.



Кітап қорын көбейтіп,кітапхана оқырмандарына өз кітаптарын сыйға беру арқылы қуанта білген сынып оқушыларына алғыс айтамыз!





https://www.instagram.com/reel/DGFoZLfsW_w/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

**«ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІНДЕ КӨКТЕМ САМАЛЫ»**

**«Оқуға құштар мектеп»** негізінде **"Балалар кітапханасы"** жобасы мектеп кітапханасында "Әдебиет әлемінде көктем самалы" атты көктемгі демалыста мектеп оқушылары QR арқылы жас ерекшеліктері бойынша Gudebook ұсынған кітаптарды оқумен қатар тапсырмаларын орындап,өз уақыттарын тиімді пайдалана білді. Оқушылардың орындаған жұмыстары мектептің әлеуметтік парақшасына салынды.Белсене қатысқан оқушылар мектепшілік жиында марапатталды.





https://www.instagram.com/reel/DH5LW8IswbH/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

**2 СӘУІР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАР КІТАП КҮНІ**

**«Оқуға құштар мектеп»** негізінде **"Балалар кітапханасы"** жобасы мектеп кітапханасында "Балалар кітабының әлемдік күні" тақырыбында әдеби джем ұйымдастырды.Мақсаты – балаларды кітап оқуға баулу, әдебиетке деген сүйіспеншілікті арттыру және олардың қиялын дамыту.Әдеби джем барысында оқушылар, қазақ әдебиетінің негізін қалаған ақын-жазушылары тұрған бейнені табу сынды ойындар мен викториналық сұрақтарға жауап берді.





https://www.instagram.com/reel/DIBCNgVMJro/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

**«КІТАПХАНАҒА КІТАП СЫЙЛА» акция**

**Оқуға құштар мектеп»** негізінде **"Балалар кітапханасы"** жобасы аясында мектебіміздің МАД "А" тобының оқушылары Елубай Азамат,Құрбанбай Ернұр, Ерболат Еркем мектеп

кітапханасының қоржынына кітаптарын сыйға тарту етті.Кітап қорын көбейтіп,кітапхана оқырмандарына өз кітаптарын сыйға беру арқылы қуанта білген сынып оқушыларына сыйға берілген кітаптардан ертегілер оқылды.



https://www.instagram.com/reel/DIlkuucsC3R/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

**АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ-180 жыл**

**Оқуға құштар мектеп»** негізінде **"Балалар кітапханасы"** жобасы негінде мектеп оқушылары ұлы ойшыл, ақын Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай ұйымдастырылған бірыңғай оқу күнінде Абайдың өлең шумақтары мен қарасөздерінен үзінділерді нақышына келтіре оқыды. Бұл шара жас ұрпақты Абай мұрасымен тереңірек таныстыруға және рухани құндылықтарды бойларына сіңіруге бағытталды.





https://www.instagram.com/reel/DIyMb6isFQl/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

**23-СӘУІР ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КІТАП КҮНІ**

**Оқуға құштар мектеп»** негізінде **"Балалар кітапханасы"** жобасы негінде айтулы мереке 23 сәуір-Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күніне орай мектеп кітапханасында 10 сыныптар арасында "Оқыған кітап ойынның қанаты"тақырыбында әдеби сайыс өткізілді.Сайыстың мақсаты: кітап мұрасын насихаттау, кітап оқу мәдениетіне тарту,мектеп оқушыларын кітап оқуға деген сүйіспеншілігін ояту.

Сайыс төмендегі кезеңдерден

I кезең- "Абайды оқы- таңырқа!" (ұяшықтағы сұрақ)

II кезең- Кітаптар тізбегі (кітап атауын жазу)

III кезең- Bookdating (кітапқа жарнама) тұрды

Сайыс қатысушы 10 сынып оқушылары кезеңдер бойынша сұраққа жауап беріп, берілген тапсырмаларды орындап топтың намысын қорғап шықты.

Сайыс қорытындысы бойынша:

1 орын- "Шырақ" 10 "А"сыныбы

2 орын -""Ойшылдар" 10 "Б" сыныбы

3 орын- "Сөз шырағы" 10 "Ә" сыныбы-орындармен марапатталып,сайыс қатысушыларына ынталандыру сыйлығы берілді.



https://www.instagram.com/reel/DI7PWdTz5hG/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

**Сондай-ақ Дүниежүзілік кітап күніне орай МАД-11 сынып оқушылары айтулы мерекеге дайындаған бейнеролиг дайындап мектептің әлеуметтік салынды.**



https://www.instagram.com/reel/DI7RXQzzsGc/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

**ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ 80 ЖЫЛ**

**«Оқуға құштар мектеп»** жобасы аясында **«Балалар кітапханасы»** жобасы негізінде 5"А" сынып оқушыларымен жеңістің 80 жылдығына орай **"Ерліктің жарқын беттері"** атты танымдылық іс-шарасы өтті. Іс-шара барысында оқушыларға кеңес одағы батырларының елең ерліктеріне шолу жасады.Сондай-ақ оқушылар соғыс кезінде қолданылған қару-жарақтармен таныс болды.Мектебіміздің 10 сынып оқушылары Қаныбек Жанерке,Мырзахметұлы Жандос оқ,қару -жарақтарының ішкі құрылысымен және қай кезде пайдаланатыны жайында таныстырып өтті. Бұл шара жас ұрпақтың патриоттық сезімін оятып, тарихқа деген қызығушылығын арттырды.



https://www.instagram.com/reel/DJTwdMosKlz/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

**«ШУАҒЫМСЫҢ СЕН- АНА!»**

**«Оқуға құштар мектеп»** жобасы аясында **«Балалар кітапханасы»** жобасы негізінде 12 мамыр- Аналар күні мерекесіне орай мектеп кітапханасында **«Шуағымсың сен-Ана»** кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге қазақ қыздарының тағдыры, өмірі мен тұрмысы баяндалған «Ақбілек», «Қамарсұлу», «Жәмила» сынды шығармалар қойылды. Сондай-ақ 5 сынып оқушылары қазақ даласына,әдебиетіне белгілі ақын-жазушыларының "Ана" тақырыбында өлеңдерін мәнерлеп оқыды.




https://www.instagram.com/reel/DJY_YCusP0T/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

**«ҰЛЫ ЖЕҢІС: ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ,ҰРПАҚҚА ҮЛГІ!»**

**«Оқуға құштар мектеп»** жобасы аясында **«Балалар кітапханасы»** жобасы негізінде «Ұлы жеңіс:Ерлікке тағзым,ұрпаққа үлгі»тақырыбында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды.Көрменің мақсаты: Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақстандық жауынгерлер мен тыл еңбеккерлерінің ерлігін ұрпақ жадында сақтау.

Көрмеге кеңес одағының батырларының макеттері, ерлікке бағытайтын, соғыс тарихынан сыр шертетін «Жау тылындағы бала», «Ақиқат пен аңыз» т.б. кітаптарға шолу жасалынды.Сондай-ақ қазақтың қайсар қызы **-Алия Молдағұлованың туғанына 100 жыл** толуына орай макет жасалды, қазақтың мерген қызының ерлігі жайында ақпарат беретін макет әр үзіліс сайын мектеп оқушыларына таныстырылды.



https://www.instagram.com/p/DJZNV10M5Ha/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

**«ҚР БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҮЗДІК КІТАПХАНАСЫ МЕН КІТАПХАНАШЫСЫ»**

**«Оқуға құштар мектеп»** жобасы аясында **«Балалар кітапханасы»** жобасы негізінде ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН "ҚР білім беру ұйымдарының үздік кітапханасы мен кітапханашысы"Республикалық байқауда мектебіміздің кітапхана меңгерушісі Шаттыгүл Төребекқызы бойынша ІІІ дәрежелі ДИПЛОМЫ-мен марапатталды.Сондай-ақ озық тәжірибелік жұмысын жариялап,республика көлемінде іс-тәжірибе таратқандығын растайтын СЕРТИФИКАТ табысталды.

Мектеп басшысы Гульназ Конуспаевнаға ұжымдық қолдаудың,кәсіби бағыт-бағдар берудің нәтижесі ретінбе АЛҒЫС ХАТ берілді.





https://www.instagram.com/p/DJoDfCgsL8D/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Мектеп директоры: Г.К.Есентаева

Кітапхана меңгерушісі: Ш.Т.Малайдарова